

Авторлар м.ғ.к А.Р. Калиев, м.ғ.к Ж.Е.Көмекбай, м.ғ.к. С.Ж.Ахметова, PhD А.Б. Туляева, м.ғ.м А.Б.Раманкулова, м.ғ.к. Н.М. Кереева, м.ғ.м. Г.Ж. Ессултанова дайындаған "Lauren жіктемесі бойынша асқазан аденокарциномасының морфофункциональдық ерекшелігі" тақырыбындағы оқу құралына терминологиялық жұмыс тобының мүшесі, оперативті хирургиямен қалыпты және топографиялық анатомия кафедрасының доценті, м.ғ.к. М.С Жайлыбаевтың берген

ПІКІРІ

"Lauren жіктемесі бойынша асқазан аденокарциномасының морфофункциональдық ерекшелігі" оқу құралы жалпы он төрт бөлімнен тұрады, оқулық құралда асқазан аденокарциномасының макроскопиялық құрылымы, гистобиологиялық қасиеті, морфологиялық құрылысына байланысты TNM жүйесі бойынша LAUREN халықаралық жіктелулері, клиникалық-морфологиялық зерттеу әдістерінің ерекшеліктері және тиімділігі, эпидемиологиялық, популяциялық, патоморфологиялық ерекшеліктері толық қамтылған.

Оқу құралында авторлар әрбір бөлімге жеке ақпарат ұсынып, асқазан аденокарциномасын морфологиялық толық сипаттаған және сапасы өте жоғары макропрепараттар және микропрепараттарға, клиникалық көріністеріне түсініктемелер берген.

Марат Оспанов атындағы БҚМУ оқу әдебиеттеріне қойылатын талаптар толық сақталған және оқу құралында медициналық жоғары оқу орындарының жоғарғы курс студенттеріне, интерндерге, резиденттерге және тәжірибелік дәрігерлерге, гистологтарға, патоморфологтарға, онкологтарға арнап толық ақпарат берілген.

Оқу құралында келтірілген иллюстрациялардың (макро-және микропрепараттар, түрлі диаграммалар, кестелер) сапасы жоғары, және ақпараты мол.

Оқу құралдың мемлекеттік тілде орындалуы сапасы жағынан өте жоғары, оқырмандардың жеңіл түсінуіне ыңғайлы етіп жазылған.

Қорытындылай келе жазылған оқу құралы медициналық жоғарғы оқу орындарында оқитын студенттерге және асқазан аденокарциномасының клиникалық-морфологиялық жөнінде қызықтыратын кез келген медицина маманы үшін ұсыныстар мен құнды ақпарат көзі болып табылады, сондықтан қажетті және оқу үрдісіне қосымша әдебиет болып саналады. Мемлекеттік тілде орындалу сапасы жоғары, қолданыстағы терминологиялық талаптарға сай деп есептеуге болады.

Авторлар м.ғ.к А.Р. Калиев, м.ғ.к Ж.Е.Көмекбай, м.ғ.к. С.Ж.Ахметова, PhD А.Б. Туляева, м.ғ.м А.Б.Раманкулова, м.ғ.к. Н.М. Кереева, м.ғ.м. Г.Ж. Ессултанова дайындаған "Lauren жіктемесі бойынша асқазан аденокарциномасының морфофункциональдық ерекшелігі" тақырыбында жазылған оқу құралын қосымша оқу әдебиеті ретінде баспадан шығаруға толық ұсынуға болады.

Оперативті хирургиямен қалыпты және топографиялық анатомия кафедрасының доценті, м.ғ.к.



Жайлыбаев М.С

